



ШЕШІМ

30.03.2022

Нұр-Сұлтан қаласы

РЕШЕНИЕ

№ 155/23-VII

№

город Нур-Султан

**Нұр-Сұлтан қаласының балаларына
жедел және шұғыл көмек көрсету
қызметінің жай-күйі туралы**

Нұр-Сұлтан қаласы әкімінің орынбасары Б.О. Жакеновтың «Нұр-Сұлтан қаласының балаларына жедел және шұғыл көмек көрсету қызметінің жай-күйі туралы» баяндамасын тыңдап және талқылай отырып, Нұр-Сұлтан қаласының мәслихаты келесіні атап өтеді.

Елордада 0 - ден 18 жасқа дейінгі 424 946 бала тұрады, оның ішінде 0-ден бір жасқа дейінгі балалар саны - 52 671.

Балаларға жедел және шұғыл медициналық көмек көрсету қызметін жедел медициналық жәрдем станциясы, үш балалар стационары және көп бейінді стационарлардың акушерлік блоктары атқарады.

Нұр-Сұлтан қаласы әкімдігінің ШЖҚ «Қалалық жедел медициналық жәрдем станциясы» МКК оқиға орнында да, жолда да өмірге қауіп төндіретін жағдайларда, жазатайым оқиғаларда, аса ауыр сырқаттар кезінде балаларға тәулік бойы шұғыл медициналық көмек көрсетеді.

№1 көпбейінді қалалық балалар ауруханасы 250 төсектік орынға есептелген: кардиологиялық, ревматологиялық, гастроэнтерологиялық, аллергологиялық, гематологиялық, неврологиялық, пульмонологиялық, педиатриялық, жаңа туған нәрестелер патологиясына және шала туған нәрестелерді күтуге, 50 келушіге арналған оңалту бөлімдері бар. Есепті кезеңде 16 010 науқас емделген, шұғыл емделгені - 84 %, жоспарлы - 16 %, бұл 2020 жылға қарағанда 3 199 (25 %) артық.

Қуаты 350 төсектік орынға есептелген №2 көпбейінді қалалық балалар ауруханасы анестезиология және реанимация бөлімшесінің 18 төсектік орнын және паллиативтік бөлімшенің 6 төсектік орнын қамтиды, онда елорда мен өңірлердің балаларына стационарлық, стационар алмастырушылық және консультациялық-диагностикалық медициналық көмек көрсетіледі. 2021 жылы травматологиялық пунктке 63 331 бала жүгінген. Стоматологиялық кабинетке шұғыл көмек алу үшін 20 985 адам жүгінді. 6 454 шұғыл хирургиялық операция жасалды.

Балаларға жедел және шұғыл көмек көрсетуге арналған №3 көпбейінді қалалық балалар ауруханасының құрамында қабылдау-диагностикалық

бөлімшесі, анестезиология, 10 төсектік реанимациялық және қарқынды терапия бөлімшесі бар. Қабылдау бокстары «ТРИАЖ» жүйесі бойынша шұғыл пациенттерді қабылдауға арналған барлық қажетті жабдықтармен жарақтандырылған.

Депутаттар сессияға дайындық барысында жоғарыда аталған медициналық мекемелерге барып, балалар денсаулығын сақтау саласындағы қызметтердің жеткіліксіз қолжетімділігі мен сапасының төмендігін куәландыратын бірқатар проблемаларды анықтады. Проблемалардың бірі -ғимараттардың қанағаттанғысыз техникалық және санитарлық жағдайы: қабылдау бөлмесінің тарлығы; тозған инженерлік желілер; ауруханалардың айналасындағы аумақты абаттандырудың болмауы; бейнекамералардың, шақыру түймелерінің жұмыс істемеуі.

Сонымен қатар, жалғыз балалар травматологиялық пункті тәулік бойы жұмыс істейді және шамадан тыс жүктелген; медициналық жабдықтардың жетіспеушілігі сезіледі; жедел жәрдем қосалқы станцияларын орналастыруға арналған ғимараттар бейімделмеген және жетіспейді; шлагбаумдардың жаппай орнатылуына байланысты жедел жәрдем көлігінің тұрғын үйлердің аулаларына кіруі қиындатылған; №1 көпбейінді қалалық балалар ауруханасының ғимараты жөндеуді қажет етеді.

Екінші проблема – білікті кадрлардың жетіспеушілігі. Балаларға медициналық көмек көрсететін тар шеңберлі мамандандырылған дәрігерлер жетіспейді. Педиатриялық қызмет жеткіліксіз жасақталған, тар шеңберлі балалар медициналық мамандарының тапшылығы (анестезиолог-реаниматолог, невропатолог, нейрохирург, кеуде бөлімінің хирургы, травматолог, неонатолог, окулист, онколог және т.б.) орын алуда.

Қазіргі уақытта әкімдікпен ұйымдастырылған іс-шараларда қоғамдық орындарда кезекшілік еткені үшін қалалық жедел медициналық жәрдем станциясының шығындары өтелмейді. Жедел медициналық жәрдем бригадалары жүргізушілерінің жалақысы бірнеше жылдар бойы көтерілмеген.

Аталған медициналық мекемелерге қатысты тұрғындардан бірнеше шағымдар келіп түскен: кезектер; пациенттерге дөрекі қарым-қатынас; мекемелерде тіркеу бөлімі жұмысының нашар ұйымдастырылуы; қысқы кезеңде температуралық режимнің бұзылуы; тар шеңберлі дәрігер мамандардың болмауы.

Жедел медициналық көмек жұмысына шағымдар: жедел медициналық көмек бригадаларын ұзақ күту; пациенттерге дөрекілік таныту.

Баяндалғанның негізінде, балалар денсаулығын сақтау саласындағы қызмет сапасын арттыру мақсатында, Нұр-Сұлтан қаласының мәслихаты

ШЕШТІ:

1. Қала әкімінің орынбасары Б.О. Жақеновтың «Нұр-Сұлтан қаласының балаларына жедел және шұғыл көмек көрсету қызметінің жай-күйі туралы» баяндамасы назарға алынсын.

2. Нұр-Сұлтан қаласының әкімдігіне:

1) Нұр-Сұлтан қаласының 36 медициналық мекемесінің аумағын абаттандыруды талдау, жедел жәрдем машиналарының кедергісіз қозғалысы, тұрғын үйлер мен құрылыстардың кіреберістеріне қолжетімділік мәселелері жөніндегі ведомствоаралық комиссия құрылсын. Медициналық мекемелердің аумақтарын абаттандыруды жақсарту жөніндегі кешенді жоспарды әзірлеу ұсынылсын;

2) жергілікті бюджеттен:

- орталық стерилдеу бөлімшесін, инженерлік желілерді, №1 көпбейінді қалалық балалар ауруханасының ғимараттарын күрделі жөндеуге;

- «Алматы» және «Байқоңыр» аудандарының жедел жәрдем қосалқы станцияларын орналастыру үшін жеке тұрақ аймағы бар үй-жайлар (кемінде 600 ш. м.) бөлуге (салуға);

- «Есіл» ауданы аумағының кеңеюіне және халық санының өсуіне байланысты «Жағалау» ауданында «Есіл-2» жедел жәрдем қосалқы станцияларын орналастыру үшін жеке тұрақ аймағы бар үй-жайлар (кемінде 600 ш. м.) бөлуге (салуға);

- жергілікті атқарушы органдар ұйымдастырған іс-шараларда жедел медициналық көмек бригадаларының кезекшілігі үшін Қалалық жедел медициналық көмек станциясының шығындарын өтеуге;

- қаланың барлық аудандарында әмбебап қашықтықтан басқару пультінің көмегімен «103» қызметі шлагбаум механизмін өз бетінше басқара алу мүмкіндігімен «Қолжетімді аула» жобасын енгізуді қамтамасыз етуге байланысты мәселелерге қаражат бөлу қажеттілігін қарастыру ұсынылсын;

3) шұғыл айғақтар бойынша балаларды ауруханаға жатқызу жағдайларының ұлғаю себептеріне талдау жүргізу;

4) мамандардың жетіспеушілігі туралы деректерді ұсыну (саны және мамандық атауы);

5) Нұр-Сұлтан қаласында медицина қызметкерлеріне арналған жатақханалар салу бойынша ағымдағы жағдай туралы ақпарат дайындау;

6) Нұр-Сұлтан қаласында балалар қызметін дамытудың кешенді жоспарын әзірлеу жөніндегі ведомствоаралық жұмыс тобын (Астана медицина университетінің өкілдерін қоса отырып) құру;

7) білім алушылар тарапынан міндеттемелерін орындау шарттарын көздей отырып, бюджет қаражаты есебінен мамандарды оқыту шартына өзгерістер енгізу ұсынылсын.

3. Осы шешімнің ұсынымдарын орындау бойынша ақпаратты қалалық мәслихатқа бір ай мерзімде ұсыну қамтамасыз етілсін.

4. Осы шешімнің орындалуын бақылау Нұр-Сұлтан қаласы мәслихатының әлеуметтік-мәдени даму мәселелері жөніндегі тұрақты комиссиясына жүктелсін.

**Нұр-Сұлтан қаласы
мәслихатының хатшысы**



Е. Каналимов